Активное участие детей усиливает профилактику и делает её частью школьной культуры. Работа через самоуправление, участие в волонтёрских инициативах и социальных проектах способствует развитию ответственности и эмпатии. Обучение медиа-грамотности помогает детям безопасно вести себя в цифровой среде, а творческие проекты — конкурсы, театральные постановки и видеоролики — формируют навыки сотрудничества и ненасильственного разрешения конфликтов. Участие учеников позволяет превратить профилактику из формальной меры в естественную часть жизни школы.

Эффективность профилактических мероприятий оценивается с помощью регулярной диагностики. Используются анкетирование учеников и родителей, наблюдение за поведением детей, социометрические методы и анализ обращений к школьному психологу. Сбор данных позволяет своевременно выявлять проблемные ситуации и корректировать воспитательную работу, выбирая наиболее эффективные подходы к каждому коллективу и каждому ребёнку.

Педагог является центральной фигурой в формировании безопасной школьной среды. Через личный пример, эмпатию и умение конструктивно решать конфликты он создаёт атмосферу доверия и сотрудничества. Постоянное повышение профессиональной компетентности педагогов, участие в тренингах и обмен опытом способствуют формированию культуры ненасилия и устойчивой профилактики буллинга.

Буллинг — это вызов современному обществу, требующий внимания всех участников образовательного процесса. Школа должна быть территорией безопасности и доверия, где каждый ребёнок ощущает поддержку и защиту. Эффективная профилактика строится на системной работе педагогов, родителей и самих учеников, а совместные усилия помогают формировать поколение, способное к эмпатии, толерантности и созидательному взаимодействию. Создание безопасной образовательной среды — это не отдельное мероприятие, а постоянная практика, интегрированная в жизнь школы, её культуру и педагогическую деятельность.

Список литературы

1. Жубакова С. С., Шалгынбаева К. К., Албытова Н. П., Шолпанкулова Г. К. «Проблема школьного буллинга: диагностика, особенности, рекомендации». Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. № 2 (2024), с. 358–370.

2. Касен Г. А., Усенова А. М., Булетова Л. А., Абдуллаева П. Т. «Направления исследований проблемы буллинга и школьного насилия в современной школе». Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. № 4 (2023), с. 261-270.

3. Байтуменова М. Т. «Проблема буллинга в школе». Дистанционный образовательный портал «Евразийская наука». 2022

4. Бекулова И. З., Тухужева Л. А. «Буллинг в школе». Вопросы науки и образования. № 3 (128) (2021), с. 65-67.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТЫҢ ДАМУЫ МЕН ЖАС БУЫН АҚЫНДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Айбол Сағынжанұлы
Ақтөбе облысы Хромтау ауданы
Никельтау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Айтыс – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттың рухани өзегін бейнелейтін, сөз өнерінің ең шоқтығы биік түрі. Ол ғасырлар бойы елдік пен ерліктің, бірлік пен парасаттың, өнер мен өрліктің өлшемі болып келді. Айтыс – халықтың ой-санасын оятып, арман-мұратын жырлаған, сөз арқылы шындықты шырақ еткен ерекше мәдени құбылыс. Уақыт өзгерсе де, айтыстың өміршеңдігі жойылған жоқ, қайта заман ағымына сай жаңарып, дамып келеді. Қазіргі айтыс – тек ақындар жарысы емес, ұлттық рух пен қоғамдық сана көрінісі. Бұл өнерде елдің өткені мен бүгіні, тұрмыс-тіршілігі, саясат пен қоғамның көкейкесті мәселелері көркем тілмен өрнектеледі. Ақындар халықтың мұңын мұңдап, қуанышын жырлап, елдік рухты асқақтатады.

Айтыс сахнасында айтылған әрбір ой мен сөз – халықтың жүрегінен шыққан үні. Сондықтан айтысты зерттеу, оны жас буынға үйрету – ұлттық тәрбиенің басты арқауы болып табылады. Қазіргі таңда айтыс өнері жаңаша сипат алып, жаңа буын ақындар арқылы тың мазмұнмен толығуда. Бұған әлеуметтік желілер мен телеайтыстардың ықпалы зор. Заманауи технологияның дамуы айтысты көпшілікке кеңінен танытып, оның аясын кеңейтті. Дегенмен, айтыстың негізгі мәні – суырыпсалмалық шеберлік, тапқырлық пен шешендік өнер – өз маңызын жойған жоқ. Қайта жастардың бойынан осы қасиеттерді ояту, ұлттық сөз өнеріне баулу өзекті міндетке айналып отыр. Жас буын ақындарды тәрбиелеу – ұлттық өнердің үзілмес алтын жібін жалғау. Мектеп қабырғасында ашылған «Топжарған», «Жыр жебе», «Қазіргі айтыс» сияқты үйірмелер – дарынды жастардың қабілетін шыңдап, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыратын шығармашылық алаң. Мұндай орталарда оқушылар тек өлең жазып, айтысуға үйреніп қана қоймай, ұлттық тарих, салт-дәстүр, тіл мәдениеті туралы терең білім алады.

Айтыс үйірмесінің жұмысы – өнер арқылы тәрбие берудің нақты үлгісі. Айтысқа қатысқан жас буын өкілдері тапқырлыққа, шешендікке, сабыр мен сыйластыққа, қарсыласына құрметпен қарауға үйренеді. Бұл қасиеттер олардың өмірлік ұстанымын қалыптастырып, тұлғалық дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар айтыс – тілдің байлығын, сөздің қуатын сезінуге баулитын ерекше мектеп. Оқушылар айтысқа қатыса отырып, әдеби тілдің әсемдігін, ұтқыр ойдың салмағын, көркем бейненің құдіретін таниды. Қазіргі қоғамда жастардың ұлттық болмысын сақтап, рухани дүниесін байытуда айтыстың орны ерекше. Ол – ұлттық бірліктің, мәдени сабақтастықтың, елдік рухтың тірегі. Әр буын өз дәуірінің айтыс ақындарын тудырып, сол арқылы қоғамның бет-бейнесін қалыптастырады. Сондықтан айтысты мектептен бастап үйрету – ұлт руханиятына салынған ең асыл инвестиция.

«Топжарған» айтыс үйірмесі Никельтау орта мектебінде ұйымдастырылып, оқушыларды айтыс өнеріне баулу, суырыпсалма ақындық қабілеттерін дамыту, ұлттық рухты ояту, сөз мәдениетін жетілдіруді басты мақсат етіп қойды. Үйірме жұмысы аптасына 1 рет, жалпы 34 сағат көлемінде жүргізіледі. Мәлікова Әзиза 2024 жылы өткен Республикалық «Жыр алыбы – Жамбыл» айтысына Хромтау ауданының атынан қатысып, аудандық кезеңде 1-орын, облыстық кезеңде Бас жүлде иеленді. Республикалық деңгейде қайым айтыс

бағыты бойынша ерекше көзге түсіп Алматы облысы Ұзынағашқа жолдама алып дипломмен марапатталды.

«Жыр алыбы - Жамбыл» атты оқушылар айтысының облыстық кезеңі







Сағынжан Іңкәр мен Әбілхан Әбілмансұр Хромтау ауданында өткен «Қола домбыра» айтысында өзара жұптасып өнер көрсетіп, аудандық кезеңде 1-орын иеленіп, облыстық айтысқа жолдама алды. Облыстық кезеңде мақтау қағазымен марапатталды. Олардың айтыстары суырыпсалмалық қабілеттің, көркемдік теңеулер мен тапқырлықтың үлгісі болды. Үйірме жұмысының практикалық нәтижелері.Айтыс үйірмесіне қатысушылар арасында өзара жұптасып айтысу, көрермен алдында сөз сайысын өткізу, жергілікті айтыскерлермен кездесу және талдау жұмыстары жүргізілді.

Қорыта айтқанда, қазіргі айтыс – халқымыздың рухани қуатын арттырып, жас ұрпақтың дүниетанымын байытатын рухани мектеп. Айтыс арқылы жастар сөз қадірін түсініп, ұлт болашағына бей-жай қарамайтын азамат болып қалыптасады. Бұл өнердің түпкі мақсаты – елге қызмет ету, ұлттық намысты ояту, рухты биіктету. Демек, айтыс – тек өнер жарысы емес, ұлттың өміршең рухының, халықтық парасаттың мәңгілік жыршысы.

БАСТАУЫШ ПЕН ОРТА БУЫН АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ – БІЛІМНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Байботанова Айгерим Ермековна
Абай облысы Семей қаласы
«№35 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-нің мұғалімі

Білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапасы, ең алдымен, оқушылардың оқу үдерісіндегі бірізділікпен дамуы, білім мазмұны мен педагогикалық тәсілдердің жүйелі жалғасуымен айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық – оқушының тұлғалық және зияткерлік дамытуының маңызды факторы.

Сабақтастық дегеніміз - біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат – міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау.Екіншіден, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімдігі.

Алайда, бұл сабақтастық толығымен сақталмаған жағдайда, бастауыштан негізгі мектепке өткен оқушы түрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Оқу үдерісіндегі осы үзіліс тер білім сапасына тікелей әсер етіп, оқушының үлгерімінде күрт төмендеу байқалады.

Бастауыштан келген оқушының білім сапасы 5 - сыныпқа келгенде түсіп кетеді? Неге? Неліктен?

1) Пәндердің сабақтастығы сақталмаған
2) Әр түрлі стильдегі пән мұғалімдеріне тап болады

Бастауыш пен орта буын сабақтастығындағы кездесетін мәселелер:

Пәндік мазмұн мен мәтін көлемінің күрт өзгеруі

(Дүниетану – Қазақстан тарихы мысалында):

4-сыныптағы дүниетану сабағында оқушылар жарты беттен аспайтын шағын мәтіндермен жұмыс істесе, 5-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінде 2–3 бет көлеміндегі күрделі тарихи мәтіндерді түсіну, мазмұндау, талдау талап етіледі. Мұнда оқушыға тарихи терминдерді меңгеру, уақыттық ретпен оқиғаны жеткізу дағдылары қажет. Бұл дағдылар бастауышта қалыптаспағандықтан, бала үшін орта буынға бейімделу күрделенеді.Бұл оқушылар үшін үлкен секіріс.

Әдебиеттік оқу мен әдебиет пәніндегі көлем мен мазмұн айырмашылығы:

4-сыныпта оқушылар 1–1,5 беттен тұратын мәтіндерді оқып, сұрақтарға жауап береді. Ал 5-сыныпта оқушылар бір тоқсанда көлемді көркем шығарманы толық оқып, мазмұнын терең талдауы тиіс. Мысалы, «Менің атым Қожа» шығармасы. Бұл – тек көлем ғана емес, шығарманың идеялық-мағыналық құрылымын түсіну, кейіпкерге мінездеме беру, жазушының тілін талдау сияқты күрделі әрекеттерді қажет етеді. Бұл дағдыларды бірден меңгеру – оқушы үшін стресс көзі болуы мүмкін.

Қазақ тілі пәніндегі тапсырма түрлерінің өзгерісі:

Бастауыш сыныптың қазақ тілі оқулықтарында оқу бағдарламасына сай тапсырмалар реттілігімен, жүйелі түрде балаларды жетелеуші түрде мұғалімнің көмегімен орындауға жаттығулар берілсе, 5-сыныпқа барғанда оқушылар өздері орындауға бағытталады. Эссе жаз, кластер құрастыр яғни тақырыпты ашуға байланысты тапсырмалар кездеседі.Оқушы бұл дағдыға дайын болмаған жағдайда, нәтижеге жету қиынға соғады

Математикадағы тапсырма саны мен құрылымындағы сәйкессіздік:

4-сыныпта оқушы бір сабақта орта есеппен 10-12 есеп шығарады, көбіне – дайын формула мен тәсілге сүйеніп. Ал 5-сыныпта А, В, С деңгейінде 20-25 есеп

ұсынылып, уақыт шектеулігіне байланысты оқушы уақытты тиімді пайдалану мен есепті талдау қабілетінен қиналады. Бастауышта уақытты басқару мен деңгейлік тапсырмалармен жұмыс істеу әдісі жүйелі түрде берілмеген.

Сабақтастықты қамтамасыз ету жолдары

1. Педагогтардың өзара кәсіби байланысын нығайту:

Бастауыш және орта буын мұғалімдерінің бірлескен отырыстары, дөңгелек үстелдер, әдістемелік семинарлар арқылы әр деңгейдегі талаптар мен әдістерді үйлестіру.

2. Бағдарламалық мазмұнның бірізділігін сақтау:

Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды құрал-пәнаралық байланыс. Пәндік оқу бағдарламалары мен оқулықтарды әзірлеу кезінде сабақтастықты сақтау, бастауыш пен орта буындағы жалғасын өзара логикалық байланыстыру.

3. Оқушының жас ерекшелігіне сай жүктемені реттеу:

Мәтін көлемі, тапсырма саны мен күрделілік деңгейін біртіндеп күрделендіру қағидатын сақтау. Жоғары буынның талаптарын бастауышта дайындық негізінде кезең-кезеңмен енгізу.

4. Психологиялық сабақтастық

Оқушының орта буынға өтудегі психологиялық дайындығы. Жаңа пәндер, жаңа мұғалімдер, талаптардың артуы – осы кезеңде қолдаудың маңызы зор.

Қорытынды

Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық – білім сапасын арттырудың, оқушының тұлғалық және пәндік дамуын қамтамасыз етудің негізгі шарты. Бұл сабақтастық сақталған жағдайда ғана:

– оқушы оқу үдерісіне сенімділікпен бейімделеді;

– педагогикалық үдеріс үздіксіз және сапалы ұйымдастырылады;

– пәндер арасындағы байланыс пен логикалық тұтастық қалыптасады;

– білім нәтижесі жүйелі және тұрақты болады.

Сабақтастық – сапалы білім берудің іргетасы. Ол сақталса, оқушы да, мұғалім де өз жұмысын сенімді әрі жүйелі жүргізеді. Сондықтан барлық білім беру деңгейінің педагогтері сабақтастықты сақтау жолында бірлесе, үйлесімді әрекет етуі қажет. Тек осылайша білім берудің сапалы әрі нәтижелі болуына қол жеткізуге болады.

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІН КӨРКЕМСУРЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ ӘДІСТЕРІ

Биржанова Розалина Тлекжановна
Ақтөбе қаласы «Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі» МКҚК-нің қосымша білім беру педагогы

Көркемсурет өнері шығармаларында басты нәрсе олардың бейнеленгені емес, олардың нені білдіргені екенін біз енді білеміз. Оның өзінде де егер әңгіме кескіндеме, мүсін өнері және графика жөнінде, яғни әлденені тікелей бейнелейтін өнерлер туралы болып отырса ғана.

Жалпы бейнелеу өнері алуан қырлы да алуан түрлі. Онда жұмыс істеудің әдістері мен техникасы туралы практикалық мағлұматтар берместен бұрын оның түрлерімен және жанрларымен танысқан жөн. XIX ғасырға дейін сәулет өнері, мүсін өнері және кескіндеме өнерлерінің басты бір түрі — графика

(сурет, гравюра, литография) қызметтік және қосалқы түрден өнердің жеке және мүлдем дербес түріне айналады. Соңғы жиырма жылдықта өнердің «дизайн» сияқты түрі де өте айқын бейнесін тапты.

Кескіндеме-бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі толысқан түрі, онда бейнелеудің сан алуан мол құралдары қолданылады. Суретшілер өнердің ұшы қиырсыз осы саласынан көбіне өздері сүйген әуендер мен тақырыптарды таңдап алады. Біреулері портреттер жазғанды ұнатады, екіншілері пейзаждарды, үшіншілері тарихи соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге құштар. Бейнелеу өнерінің бұлай сақталуы жанрларға бөліну деп аталады. Жанр сөзі француздың «түр» немесе «тек» деген сөзінен шыққан. Кескіндеме мынадай жанрларға бөлінеді: натюрморт, пейзаж, портрет және тақырыптық картина. Айта кету керек, соңғы жанр көбінде жанр делінеді, ал картиналар жанрлық картиналар деп аталады. Майлы бояулармен тығыз, қою салынған голланд натюрморттарында көбіне сан алуан түрлі тағамнан: нан, жемістер, жабайы аң-құстар, хрусталь бокалдардағы немесе күңгірт сәуле шашатын күміс кубоктардағы шарап бейнеленеді. Мұндай картиналарды салдырған адам, рухани нәзік талап, талғам дейтіннің иісін де білмейтін саудагер немесе қала шонжары суреттегі дәмді, мол тағамға ғана қызығатын, өйткені, оның өмірінің басты қызығы да тамақ құлқы болатын.

Сурет- болмысы зерттеудің және бейнелеудің аса маңызды құралы, бүкіл реалистік бейнелеу өнерінің түп қазығы. Барлық мамандықтағы суретшілерге: графиктерге, кескіндемешілерге, мүсіншілерге, сәулет өнеріндегілерге, қолданбалы өнер шеберлеріне сурет салуды игеру қажет. Кейде тіпті өзіне де онша айқын емес алғашқы идеяларын суретші шапшаң да шамамен салынатын нобай суреттерге түсіріп алады, содан кейін ол қажетті бақылауларын этюд суреттерге жинақтайды. Өткен заманның аса ұлы суретшілерінің бірі бір мезгілде әрі кескіндемеші, әрі мүсінші, әрі архитектор болған Микеланджело: «сурет сұңғаттың да, мүсіннің де, сәулет өнерінің де жоғарғы нүктесі, сурет-барлық ғылымның қайнар көзі мен тамыры» деген болатын. Сурет сала білу тек суретшіге қажет емес. Суретші үшін сурет — оны көре білуге, яғни айналадағы дүниеге жеті көз тастап, көргендерін салыстыруға, талдауға, тереңірек қабылдап, сезіне білуге үйретететін ең жақсы мектеп. Өзінің сипаты жағынан суреттер мейлінше сан алуан болып келеді. Бұл сырт көзге шимай- шатпақ болып көрінуі мүмкін, шиыршық атқан, тіпті қас - қағым сәтте дерлік жасала салған нобай сызықтар.

Сабақтан тыс қосымша үйірме жұмыстарын ұйымдастыру

Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін қосымша жұмыстар сабақтан тыс немесе қосымша білім беру деп аталады. Бұл жұмыс мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың талаптары мен қабілеттерін толық ашудың қызығушылығы мен ынтасын оятудың құрамы ретінде қызмет атқарады. Сабақтан тыс жұмыс кезінде оқушылар керекті және пайдалы бұйымдар жасап үйренеді. Бұйымдарды жасау барысында оқушылардың эстетикалық тәрбиесі артады. Оқушылармен қосымша жүргізілетін сабақтардың формаларын бөліп көсетуге болады: көркемсурет, дизайн, сияқты үйірме жұмыстары. Қосымша берілетін сабақтар оқушылардың жаңа білімдерін байыта, олардың ақыл-ойын және қабілеттерін дамыта отырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге өз үлестерін қосатыны анық.

Өз тәжірибемде бейнелеу өнері саласында оқушыларға әр түрлі жанрларға суретті жоба жасап, шығармашылық тақырыптар бойынша тапсырмалар орындауларына аса көңіл бөлемін.






Бейнелеу өнері - көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды. Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше бастыру құралдарын іздеп тауып көрсетеді. Бұл баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кез келген затты әр түрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін дамытудың алғы шарты болып табылады. Осы орайда бірнеше әдістерді мысалға келтірейін:

«Көкөністер бастырмасы». Балалар бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар, даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты үдете түседі. Картоп, сәбіз, асқабақ қабығынан және қызылшадан түрл іпішіндер жасауға болады. Мысалы: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш даярлау; картоп немесе өзге көкөніс қиығында контур жасап, артығын кесу; штампты гуашқа батыру немесе оған қылқалам көмегімен субояу жағу;қағаз немесе мата бетіне ойлаған сурет шығатындай етіп бастыру;





«Шыршаны безендір»

Ойынға басшылық: Балаларға шырша ойыншықтарының қиылған пішіндері үлестіріледі. Мольбертке қиылған шырша бейнесі ілінеді. Педагог:
- Балалар, жақында балабақшада шырша мерекесі аталып өтті, барлығы көңілді болды. Әдемі ойыншықтар мен безендірілген шырша жанында өлең айттық, би биледік, аяз атадан сыйлық алдық. Аяз аталарыңа барлығы да ұнапты. Ол кетер алдында мына кішкентай шырша мен ойыншықтарды сендерге тастап кетті. Қане, мына шыршаны сол ойыншықтар мен безендірейік. Мен кез келген түсті айтамын кімде сол түс болса ойыншығын шыршаға іледі. Ең бірінші қызыл түсті ойыншықтарды ілеміз. Қызыл түсті ойыншықтары бар балалар ойыншықтарын іле бастайды. Қалған балалар достарының қателігін түзейді. Осыдан кейін сарғыш, көк, жасыл т. с. с түстерді атайды.



«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз. Олай болса, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше.



Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін үйірме жұмыстары оқушыларға әр түрлі жұмыстарды кең түрде жобалауға мүмкіндік береді, қабілетңін арттыпрып қана қоймай, қимылдарын жаттықтырады, ғылым мен техникаға тәрбиелеуге көмектеседі, шығармашылық еңбекті сүйуге үйретеді. Қосымша білім берудің міндеті жалпы және арнайы білімді меңгеру, оқушылардың политехникалық ойлау қабілетін оятуға жан-жақты дамуына ықпал жасау, оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Бейнелеу шеберлерінің асқаралы биігіне жету, көркем көре білуді дамыту және көргендерін өз шығармаларында бере білу нақ осы суреттен басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. «Бүгінгі Қазақстан» Республика суретшілерінің шығармалары. Алматы Өнер 2003ж.
2. Ералин Қ., Халмуратов Ж. «Қазақстанның бейнелеу өнері шеберлері» Алматы «М-Талант фирмасы» 2007ж.
3. Әлмұхамбетов Б., Бакенов Ж. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. – А., 2017ж.

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ УВЕРЕННОСТИ В СЕБЕ И ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ЗДОРОВЬЯ ПОДРОСТКОВ

Вошкин Степан Викторович
учитель физической культуры
КГУ «Уваровской средней школы»
отдела образования по Глубоковскому району
управления образования Восточно-Казахстанской области

Аннотация. В статье рассматривается роль физической культуры как важнейшего средства формирования уверенности в себе и эмоционального благополучия подростков. Раскрываются психологические и социальные механизмы влияния физической активности на самооценку, самопринятие и уровень эмоциональной устойчивости. Автор акцентирует внимание на значении школьных уроков физической культуры как фактора развития личности, профилактики стрессов и формирования позитивного отношения к собственному телу и возможностям.

Ключевые слова: физическая культура, уверенность, подросток, эмоциональное здоровье, самооценка.

Введение. Современные подростки живут в условиях высоких психологических нагрузок, информационного давления и социальной конкуренции. Всё это усиливает тревожность, снижает самооценку и уверенность в себе. Одним из действенных инструментов укрепления

психологического здоровья является физическая культура — как систематическая форма двигательной активности, направленная не только на развитие тела, но и на формирование гармоничной личности.

Физическая культура в школе традиционно рассматривалась как средство физического воспитания. Однако в последние годы акцент смещается на её личностно-развивающий потенциал. Через двигательную активность подросток учится понимать своё тело, ставить цели, преодолевать трудности и взаимодействовать с другими. Всё это напрямую влияет на эмоциональное состояние и уверенность в себе, что особенно важно в период становления личности.

Основная часть.

1. Психологическое значение физической культуры в подростковом возрасте. Подростковый возраст характеризуется поиском идентичности и формированием собственного «Я». В этот период особенно остро воспринимаются неудачи, внешняя критика и сравнение с другими.

Физическая культура помогает подросткам обрести чувство контроля над собственным телом, повысить самоэффективность и поверить в собственные возможности. Регулярные физические упражнения улучшают настроение за счёт выработки эндорфинов, снижают уровень тревожности, способствуют лучшему сну и общему психологическому равновесию.

Многие исследователи (Ильин, 2020; Крутецкий, 2018) отмечают, что физическая активность имеет выраженный психотерапевтический эффект: ребёнок, испытывая радость движения, учится воспринимать усилие как позитивный опыт, а не источник стресса. Это способствует формированию устойчивого позитивного отношения к себе и миру.

2. Физическая культура как средство формирования уверенности в себе. Уверенность в себе — это чувство собственной компетентности, вера в возможность достижения цели. На уроках физкультуры подростки сталкиваются с конкретными задачами, результат которых можно увидеть и измерить.

Когда ученик достигает успеха — улучшает время бега, осваивает новое упражнение, получает похвалу — у него формируется опыт успеха, укрепляющий веру в собственные силы.

Кроме того, командные виды спорта развивают чувство принадлежности, коммуникативные навыки и ответственность перед группой. Для многих подростков участие в спортивной команде становится важным источником признания и поддержки, что особенно ценно при формировании личностной уверенности.

Важно отметить, что физическая культура способствует не только развитию уверенности в сильных сторонах, но и принятию собственных ограничений. Ученик учится понимать, что несовершенство — естественная часть развития, а главное — движение вперёд.

3. Эмоциональное здоровье и его взаимосвязь с физической активностью. Эмоциональное здоровье — это способность человека сохранять внутреннее равновесие, справляться со стрессом и позитивно воспринимать происходящее. Физическая культура напрямую влияет на эти качества.

Во-первых, активное движение способствует снижению уровня стресса: физическая нагрузка активирует выработку серотонина и дофамина, повышающих настроение.

Во-вторых, занятия физкультурой формируют осознанное отношение к телу. Подросток начинает воспринимать своё тело не как источник неудовлетворённости, а как инструмент самовыражения и силы. Это особенно важно в эпоху социальных сетей, где тело часто становится объектом сравнения и критики.

Кроме того, уроки физкультуры могут стать социально-психологической поддержкой — местом, где подросток может проявить себя вне академических

оценок, почувствовать уважение и принятие со стороны сверстников.

4. Педагогические аспекты формирования уверенности и эмоционального благополучия. Решающую роль играет личность учителя физической культуры. Его педагогический стиль, отношение к учащимся и атмосфера на уроке определяют психологический климат.

Поддерживающий педагог помогает каждому ученику поверить в себя, избегая чрезмерных сравнений и унижений. Он акцентирует внимание на личном прогрессе, а не только на спортивных результатах. В современных школах Казахстана и России активно внедряются программы, направленные на личностно-ориентированное обучение в физкультуре. Такие подходы включают игровые формы, элементы геймификации, творческие задания и индивидуальные траектории развития, что делает уроки физкультуры более привлекательными и психологически комфортными для подростков.

Заключение. Физическая культура — это не только средство укрепления физического здоровья, но и важнейший фактор личностного развития подростка. Регулярные занятия спортом способствуют формированию уверенности в себе, положительного самовосприятия и эмоциональной устойчивости. В условиях роста психоэмоциональных нагрузок на школьников, физическая культура должна рассматриваться как инструмент профилактики стрессов и эмоционального выгорания. Задача школы и учителя — создать условия, при которых каждый подросток сможет испытать радость движения, почувствовать успех и укрепить веру в собственные силы. Таким образом, физическая культура становится фундаментом гармоничного развития личности, объединяя физическое, психологическое и социальное здоровье подростков.

Список литературы

1. Ильин, Е. П. Психология физического воспитания и спорта. — Санкт-Петербург: Питер, 2020.
2. Крутецкий, В. А. Психология обучения и воспитания школьников. — Москва: Академия, 2018.
3. Сейсенова, А. Р. Физическая активность и психоэмоциональное состояние
4. Умбетова, Г. Ж. Физическая культура и здоровье школьников Казахстана. — Алматы: КазНПУ им. Абая, 2021.
5. Фирсов, А. А. Физическая культура как средство формирования личности подростка. — Москва: Спорт, 2019.

МОЙ ОПЫТ ИЗДАНИЯ «УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ ДЛЯ ТИПО»

Иманбердиева Индира Сейткасымовна
преподаватель специальных дисциплин и английского языка
АО «Академии гражданской авиации»,
Авиационного колледжа г. Алматы

Проработав преподавателем в Авиационном колледже 20 лет, накопив огромный опыт работы со студентами и материал, я пришла к выводу, что могу самостоятельно быть автором и издавать учебники. Долго не раздумывая решила публиковать учебно-методическое пособие для ТиПО «Профессиональный английский язык для студентов 2 курса специальности 1310000 «Техническая эксплуатация транспортного радиоэлектронного оборудования» в международном издательстве ТОО «EDP hub» (Идипи хаб) г.Саратов.

В связи с постоянным расширением парка воздушных судов иностранного производства, используемых в гражданской авиации возросла потребность в изучении углубленного профессионального английского языка, чтобы качественно, быстро, надежно производить техническое обслуживание иностранной техники, текущий и капитальный ремонт, замену всех деталей и агрегатов, электрических систем.

Английский язык продолжает развиваться, обогащаясь сотнями новых слов и на сегодняшний день имеет статус международного языка. Одни только цифры говорят сами за себя: согласно данным статистики он является родным для 400 миллионов человек в 67 различных странах и 27 несуверенных объектах. Общее количество говорящих – около 1,32 млрд. Английский язык – язык науки, литературы, компьютеров, Интернета, средств массовой информации, бизнеса, официальный язык Олимпийских игр и, конечно же, сферы авиации.

Знать и владеть английским языком и постоянно совершенствовать его – очень важно, не только потому что это международный язык. Мир меняется, изменяются все виды деятельности, а область авиации меняется особенно стремительно: новая техника, новые технологии и т.д. – потребность изучения углубленного профессионального английского языка возрастает.

Авиационный английский язык по сравнению с другими языками уникален, так как многие термины в нем просто не имеют аналогов в других языках. Для будущих авиационных специалистов гражданской авиации, у которых основным видом деятельности является производство технического обслуживания самолетов, имеет важную роль, знание и освоение английского языка. Для современных авиационных специалистов освоение профессионального английского языка является основным критериями должно соответствовать требованием ИКАО (Международная организация гражданской авиации). В связи с этим учебное пособие состоит из 11 разделов. В каждом разделе наряду с лексическими материалами имеются словари, задания для перевода текста, а также цветные иллюстрированные чертежи. В целях развития навыков и умений чтения, письма, говорения задания даны системно. Главная цель обучения профессиональному английскому языку обучающихся технического колледжа, развитие разговорной речи и освоение уровня английского языка, по специальности обучения, самостоятельно читать и переводить полученную техническую информацию и документацию. Устный и письменный перевод - один из способов, обучение для контроля понимания прочитанного и для передачи полученной информации при чтении. Для развития умений устной речи предлагаются разнообразные виды упражнений, такие как вопросно-ответные задания, дискуссии. Разработан целый ряд заданий коммуникативного характера, которые призваны подготовить будущих специалистов к реальному общению в профессиональной среде. Упражнения можно использовать как для устной работы в аудитории, так и для самостоятельного выполнения. Структура учебной книги удовлетворяет требованиям, предъявляемым к учебным пособиям для технического колледжа. Раскрыты и доступны для усвоения такие разделы книги, как «Электрический ток и его виды», «Электрическая система самолета», «Электрооборудование» а также наиболее важные элементы основных частей самолета и элетросистем.

Особое внимание уделяю использованию в пособии общепринятой терминологии, норм, правил, стандартов, величин, указаний, понятий, применяемых в авиации по техническим дисциплинам.

При изучении английского используют шесть ключевых аспектов. Эти аспекты взаимосвязаны, и для успешного обучения важно развивать их комплексно, поэтому в учебнике есть все виды задний.

Грамматика: Изучение правил построения предложений и форм слов.




Аудирование: Понимание устной речи на слух.



Говорение: Умение выражать свои мысли устно.

1. Each student retell the text using Past Simple tense, and each student add new information, which wasn't mentioned by previous student. By the end of retelling all students must be involved in retelling.

2. Work in groups to design a form of transport for the future. It must be environmentally friendly. Draw the vehicle and be prepared to explain it to the other groups.



Чтение: Понимание письменного текста.



Письмо: Умение писать тексты на английском языке.



Лексика: Накопление и запоминание новых слов и устойчивых выражений.

UNIT 3. Theme 3.1 Aircraft construction. The wing.
Pre reading.
Write highlighted words and translate them, .



Learn new words from the text.
wing construction-структура крыла
wood and fabric wings-деревянные и тканевые крылья
compose-состоять
spar-лонжерон
rib-нервюра
stringers-стрингеры
extend-расширять, увеличивать
lengthwise-продольно
crosswise-поперечно

Итак, собрав все материалы приступила к выполнению требований со стороны издательства. Для публикации нужно было пройти 4 этапа.

На 1 этапе я отправила пробный вариант учебника для ободрения и проверки на плагиат. После того как одобрили, издательство попросило заполнить и отправить анкету автора и соавтора, соавтора потому что учебное пособие я издала с коллегой. Также нужна была доверенность от соавтора, на право подписывать договор, соглашения, приложения, акты на издание, произведений, созданных в соавторстве с ней. Затем был заключен договор с издательством о предоставлении права пользования произведений на основании исключительной лицензии (оригинал отправить через Казпочту). По настоящему договору Автор передает Лицензианту исключительное право использовать произведение на территории всех стран.

2 Этапом было предоставить 2 рецензии: со стороны производства рецензентом являлся технический директор авиакомпании ТОО «ALAMAN AIR» и 2 рецензент к.т.н, по специальности «Динамика, прочность машин, приборов и аппаратуры», РФ, доктор PhD по специальности 6D071200 «Машиностроение», РК. Место работы АО «Академия гражданской авиации»

3 Этап. Издательство указало где нужно было доработать материал, выполнить редакционно - издательскую обработку в течении 10 дней с момента получения замечаний и повторно отправить доработанный учебник (362 страницы).

4. Издательство выслало акт приема - передачи произведения исключительного права на его использование через почту, которе нужно было подписать и отправить назад через почту заказным письмом. Позже прислали оригинал сертификата о публикации учебно-методического пособия, что подтверждает публикацию на электронном ресурсе PROF образование.

Подводя итоги, хочу отметить что делится и распространять свой опыт через издания книг, большой, трудоемкий процесс, требующий время, ресурсы, опыт работы. Так как собирать и разрабатывать все упражнения и задания очень объемная работа, которая заняла примерно год разработки учебника. Начала проходить этапы с ноября, книжку опубликовали только в мае. Желаю всем творческого вдохновения и процветания!

САПАЛЫ БІЛІМГЕ ҰМТЫЛЫС

Жульмагамбетова Алия Косановна
«№22 орта мектеп» КММ-нің
химия -биология пәнінің мұғалімі.

Еліміздің тәуелсіз даму жылдарында әлеуметтік саланың басқа да салалары сияқты білім беру саласына мемлекет тарапынан жоғары деңгейде қолдау көрсетілді, бұл Қазақстанның экономикалық жағдайымен байланысты болды. Осы кезеңде экономикалық реформалармен қатар білім беру саласында да белгілі бір қайта құрулар жүргізілді. 1990 жылдардың басындағы республиканың экономикалық дамуының көптеген көрсеткіштері бойынша оны дамушы елдер қатарына жатқызуға болатын болса, онда халықтың білім деңгейі мен біліктілігі, оқу-тәрбие процесінің тиімділігі, ғылыми әлеуеті бойынша көптеген дамыған елдерді басып озды. Халықтың жалпыға бірдей сауаттылығы, орта біліммен толық қамтылуы және жоғары білімге қолжетімділігінің жоғары деңгейі, барлық деңгейдегі тегін білім, білім беру бағдарламаларының ғылыми сипаты мен іргелі сипаты, ғылыми бағыттардың сан

алуандығы, кез келген әлемдік стандарт бойынша орасан зор.

Жаһандық өзгерістердің ерекшелігі қоғам мен адам өмірінің барлық салаларын ақпараттандыру процесімен байланысты. Әрбір оқушының өзін-өзі дамытуға бағытталған орта білім беру тиімділігінің маңызды көрсеткіші оқытуды саралау болып табылады. Бұл бағытта еліміздің, соның ішінде Ақтөбе қаласының жалпы білім беретін мектептерінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Оқушылардың бейімділігіне, мектептің өз жағдайына қарай сегізінші сыныптан бастап саралау енгізіліп, жаратылыстану-математикалық, техникалық, гуманитарлық циклдардағы, экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, көркемдік және басқа салалардағы пәндерді оқыту жолға қойылған. Жоғары білім беру деңгейінде кейбір гимназияларға білім алушының өз қатысуымен жасалған жеке оқыту жоспарына, оның ішінде оқу пәндерімен қатар таңдау пәндеріне ауысуға рұқсат етіледі, бұл болашақтағы ең маңызды тенденцияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Ақтөбе қаласының бүкіл білім беру жүйесін дамыту арқылы:

1. Тәрбие философиясының жаңаруы, оның жеке тұлғаға бағытталуы;
2. Білім беруді ақпараттандыру және оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
3. Білім берудің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру;
4. Білім беруді идеологиясыздандыру;
5. Ғылымның біліммен тығыз байланыста болуы;
6. Оқу орындары түлектерінің білім деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру;
7. Білім беруді қаржыландырудың мемлекеттік және мемлекеттік емес көздерін тартуды арттыру;
8. білім беру мекемелерінің құқықтары мен дербестігін кеңейте отырып, оларды басқарудың неғұрлым тиімді, демократиялық жолдарын енгізу.

Сонымен, мектеп туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда жалпы білім беру жүйесінің және атап айтқанда жалпы орта білім беру жүйесінің негізгі функциялары көрсетілген. Нормативтік құжаттарда бұл жүйенің негізгі мақсаттары мен міндеттері айқындалып, оның одан әрі даму перспективалары, әлемдік білім беру жүйесіндегі жаһандық өзгерістер, сондай-ақ қаламыздың әлеуметтік-экономикалық даму қажеттіліктері көрсетілген, білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі алға қойылған.

Қаламыздағы білім беру жүйеін дамыту үшін мынадай жұмыстарды атқару алға жоспарланды:

- білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру;
- білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету шараларын енгізу;
- білім беру жүйесінде серіктестіктің дамуына жағдай жасау;
- білім беру мен тәрбиелеу жүйелерінің бірлігін қамтамасыз ету;
- білім мен ғылымның нақты интеграциясын қамтамасыз ету;
- қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыру.

Пйдаланған әдебеит

1. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

РАЗВИТИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ-ДОМРИСТОВ ЧЕРЕЗ АНСАМБЛЕВОЕ МУЗИЦИРОВАНИЕ

Демченко Ирина Юрьевна
преподаватель по классу домра
артист оркестра русских народных инструментов
детской музыкальной школы им.Д.Нурпеисовой
города Уральск

Современное музыкальное образование требует от педагога не только формирования технических навыков, но и развития творческого, художественного мышления учащегося. Особенно актуально это для класса домры — инструмента, сочетающего богатые традиции русской и казахской народной культуры.

Одним из самых действенных способов развития художественного мышления является ансамблевое музицирование. Оно объединяет техническую, слуховую и эмоциональную стороны исполнительства, формируя у учащегося целостное восприятие музыкального произведения.
В нашей стране, где активно развиваются народно-инструментальные оркестры и ансамбли, коллективная форма обучения по классу домры становится важнейшей частью профессиональной подготовки молодых музыкантов.

Художественное мышление — это способность воспринимать музыку как целостный художественный образ, понимать внутренние связи между её элементами, находить выразительные средства для передачи авторского замысла.

Для юных домристов формирование этого качества возможно только при активном включении в живой творческий процесс, где музыка звучит не изолированно, а в контексте общения и взаимодействия.

Именно ансамблевая игра развивает у учащегося:

- слуховое внимание и умение слышать не только себя, но и партнёров;
- чувство ритма, формы и музыкального баланса;
- эмоциональную отзывчивость и художественный вкус;
- коллективную ответственность и сценическую культуру.

Роль ансамблевого музицирования в классе домры.

Ансамбль — это «школа музыкального мышления». В процессе совместного исполнения учащиеся учатся строить музыкальный диалог, анализировать структуру произведения, осознанно относиться к динамике, тембровым сочетаниям и фразировке.

Работа в ансамбле требует не механического исполнения своей партии, а активного творческого участия: понимания роли каждого инструмента, умения объединить индивидуальные звучания в гармоничное целое. Таким образом, учащийся-домрист постепенно переходит от простого воспроизведения нот к осмысленному художественному выражению.

Методические подходы к развитию художественного мышления.

1. Создание мотивации. На начальном этапе важно вызвать интерес к коллективному музицированию: подобрать доступные, но выразительные пьесы, объяснить ценность совместного звучания.

2. Работа над ансамблевыми навыками. Учащиеся осваивают навыки ансамблевой согласованности — точность вступлений, общую динамику, единую фразировку. Преподаватель обращает внимание на нюансы интонации и штрихов, помогает выработать общее звучание коллектива.

3. Анализ и обсуждение. После исполнения важно проводить коллективное обсуждение: какие моменты удались, где

нарушено равновесие звучания, как передан художественный образ. Такое взаимодействие развивает аналитическое и художественное мышление.

4. Рефлексия и самостоятельность. Преподавателю полезно давать учащимся возможность самостоятельно распределять партии, предлагать варианты интерпретации, даже пробовать элементарные аранжировки. Это формирует инициативу и творческое мышление.

Казахстан обладает богатыми традициями народного инструментального искусства. В музыкальных школах и колледжах республики успешно развиваются ансамбли домристов, а также смешанные коллективы (домра, балалайка, гитара, баян).

Такие ансамбли позволяют использовать в работе широкий репертуар:

- обработки казахских и русских народных мелодий;
- произведения современных композиторов Казахстана;
- переложения классических тем для народного состава.

Работа с подобным материалом не только развивает художественное мышление учащихся, но и способствует воспитанию национальной идентичности, гордости за родную культуру. Участие в школьных и республиканских фестивалях, конкурсах, концертных выступлениях усиливает мотивацию, дисциплину и уверенность юных музыкантов.

Ансамблевое музицирование даёт заметные результаты в развитии художественного мышления учащихся-домристов:

- повышается качество звукоизвлечения и интонации;
- развивается чувство формы и музыкального баланса;
- формируется эстетическое восприятие и эмоциональная выразительность;
- укрепляется интерес к музыке и желание заниматься творчеством.

Кроме того, ансамбль помогает воспитывать личностные качества: ответственность, внимание к партнёрам, умение работать в коллективе. Всё это делает ансамблевую игру неотъемлемой частью профессионального становления музыканта.

Ансамблевое музицирование является важным инструментом художественного воспитания учащихся-домристов. Оно объединяет техническое и эмоциональное развитие, формирует у детей способность к осмысленному, образному исполнению. Для педагогов этот метод имеет особое значение: он помогает сохранять традиции народной музыки, воспитывать молодое поколение музыкантов, обладающих не только мастерством, но и глубоким художественным мышлением.

Использованная литература

1. Джумабаев А., Бердибай А. Казахская традиционная инструментальная музыка в контексте I Всекзахстанского слёта народного искусства 1934 года // *Central Asian Journal of Art Studies*. – 2025. – Т. 10, № 3. – С. 53–75.

2. Джумабаев А., Бердибай А. Особенности строения домбры пикколо Казахского национального оркестра народных инструментов имени Курмангазы // *Central Asian Journal of Art Studies*. – 2024. – Т. 9, № 3. – С. 124–143.

3. Myrzakhmetova A. T., Zhalalova A. M. Методика обучения фольклора в средней школе // *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*. – 2024.

4. «Традиции – душа народа: национальные музыкальные инструменты». Электронный учебник. – Павлодар: Торайгыров университет, 2021.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Есқожина Майра Аманғалиқызы
«Балалар және жасөспірімдер шығармашылық Үйі»
МКҚК-нің қосымша білім беру педагогі
Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін, сын тұрғысынан ойлау дағдысын, зерттеушілік және практикалық икемін дамыту. Бұл бағытта әлемдік деңгейде кең тараған STEM-технологиясы (Science – жаратылыстану, Technology – технология, Engineering – инженерия, Mathematics – математика) ерекше маңызға ие. STEM-білім беру – ғылыми білімді өмірмен ұштастыра отырып, оқушылардың нақты мәселелерді шешуіне мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Қосымша білім беру жүйесі — оқушылардың жеке қызығушылығына, бейіміне және шығармашылық әлеуетіне бағытталған маңызды орта. Бұл салада STEM технологияларын енгізу — баланың логикалық ойлауын, инженерлік дағдыларын, инновациялық көзқарасын қалыптастыруға зор мүмкіндік береді. Осындай сабақтар мен үйірмелер оқушыны теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, өз жобасын құруға және оны өмірде қолдануға баулиды.

Мақсаты

Қосымша білім беру жүйесінде STEM технологияларын енгізудің негізгі мақсаты – оқушылардың ғылым мен технологияға деген қызығушылығын арттыру, олардың зерттеушілік және жобалық қабілеттерін дамыту арқылы болашақта инновациялық ойлайтын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері

1. Оқушылардың ғылымға, техникаға және инженерияға деген қызығушылығын арттыру.

2. Жаратылыстану-математикалық пәндер арасындағы байланысты көрсету арқылы пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру.

3. Оқушылардың логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіру.

4. Зертханалық және жобалық жұмыстар арқылы тәжірибелік дағдыларын дамыту.

5. Оқушыларды инновациялық идеялар ұсынуға және оны іске асыру жолдарын табуға баулу.

6. Топпен жұмыс істеу, коммуникация және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру.

7. Робототехника, 3D-модельдеу, бағдарламалау сияқты бағыттар арқылы цифрлық сауаттылығын арттыру.

Негізгі бөлім

Қосымша білім беру ұйымдарында STEM технологияларын енгізу – оқушыларды жаңа заман талабына сай дайындаудың тиімді жолы. Мысалы, робототехника, инженерлік модельдеу, экологиялық зерттеулер, математикалық есептерді қолданбалы тұрғыда шешу сабақтары арқылы балалар нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дағдыланады.

Мұндай бағыттағы сабақтар дәстүрлі оқыту әдістерінен өзгеше, себебі оқушы дайын ақпаратты алмай, оны өз бетінше іздеп, талдап, нәтижеге жетеді. Бұл – баланың сыни ойлау, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін арттырады.

STEM технологиясын қолдану барысында мұғалімнің рөлі де өзгереді: ол ақпарат жеткізуші емес, бағыт-бағдар беруші, кеңесші және серіктес рөлін атқарады.

Қосымша білім беру орталықтарында STEM элементтерін қолданудың тиімділігі:

- Оқушылардың оқу мотивациясы

жоғарылайды;
- Зерттеушілік және жобалық мәдениеті қалыптасады;
- Жаңа кәсіптерге (инженер, IT-маман, дизайнер, ғалым) қызығушылығы артады;
- Командалық жұмыс пен көшбасшылық қабілеттері дамиды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қосымша білім беруде STEM технологиясын қолдану – оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың болашақ кәсіби бағытын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды үрдіс. STEM-білім арқылы оқушылар XXI ғасырдың негізгі құзыреттерін — шығармашылық ойлау, зерттеу, коммуникация және технологияны меңгеру дағдыларын игереді.

STEM-технологиясы — болашақтың кілті. Ол еліміздің инновациялық даму жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Сондықтан қосымша білім беру мекемелерінде STEM бағытындағы үйірмелер мен жобаларды кеңінен дамыту – заманауи педагогтардың басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауы. — Астана, 2024ж.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Астана, 2007 ж. (2023 ж. өзгерістерімен).

3. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Қосымша білім беру ұйымдарында STEM технологияларын енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық. — Астана, 2023 ж.

4.Сейсембаева Г.Т. Қосымша білім беру жүйесінде STEM технологияларын қолданудың тиімді жолдары. // «Білім және инновация» журналы. — №4 (62), 2023 ж. — 25–29 б.

5. Нұртаева А.Ж., Оразова Ш.Б. STEM технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. // «Педагогика және психология» журналы. — Алматы: ҚазҰПУ, 2022 ж. — №3. — 45–50 б.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кадырова Акерке Елубаевна
Ақтөбе қаласы Пригород орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

